

**Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 107-1871 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7-1) тармақшасына, 62-бабының 6-тармағына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы № 408 бұйрығымен бекітілген әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын нормативтік құқықтық актілер тізбесінің 16, 18-тармақтарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жіберуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастар бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыруды;

4) тамақтану үшін ата-ана төлемінің құнын осы қаулыға қосымшаға сәйкес оған қол қойылған күннен бастап белгілеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Әкім

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің

2023 жылғы " " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ қаулысына

қосымша

**Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

Р/с №	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны					Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)					Бір тәрбиеленушіге бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) (№ 5, 7 бағанда р да көрсетілген тәрбиеленушілерді қоспағанда)
	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым	Жекеменшік мектепке дейінгі ұйым	Шағын орталық		Санаториялық мектепке дейінгі ұйымдар	Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы білім беретін топтар және толық күн болатын	Жарты күн болатын шағын орталық	Санаториялық мектепке дейінгі ұйымдар	Жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы білім беретін топтар және толық күн болатын шағын орталықтар	Мемлекеттік, жекеменшік мектепке дейінгі ұйым және толық күн болатын шағын орталық	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	23 826	35 318	643	4 388	360	1 971	46 189	20 202	68 404	81 865	20 800

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК